4-SHO‘BA ILMIY G‘OYALAR VA ZAMONAVIY YECHIMLAR

Nukus · 16.10.2026 · UDK 619.617:985

Білім беру, сыртқы академиялық ұтқырлық және коллаборациялық алмасу

Тұтқышбай Ибрагим Асқарұлы ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент · **Аккозова Ардак Сабыржановна** PhD

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

ibragim.tutkishbay@gmail.com

DOI 10.66073/ReFocus-Conf/1610137

Для цитирования: Тұтқышбай Ибрагим Асқарұлы, Аккозова Ардак Сабыржановна. Білім беру, сыртқы академиялық ұтқырлық және коллаборациялық алмасу // Разработка инновационных климатоустойчивых технологий для мониторинга и контроля эффективности водопользования и влияния засоления на урожайность сельскохозяйственных культур и жизнедеятельность населения Приаралья: материалы Международной научно-практической конференции. – Нукус, 2026. – С. 517–519. – DOI: 10.66073/ReFocus-Conf/1610137

Түйін. Алыс-жақын шетел жоғары оқу орны серіктестерімен ынтымақтастықты дамыту біздің университеттің басты стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда біздің университетпен 200-ден астам халықаралық келісімшартқа қол мөр басылып қойылған. Бүкіл әлемнің студенттері, магистранттары мен докоранттарының тілдесу мүмкіндігі әлемнің 10 мемлекетінде 100-ге жуық әріптес жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық бар. Академиялық ұтқырлық орталығы студенттерге шетелде білім алудың естен кетпес тәжірибесін ұсынады және студенттер, магистранттар мен докоранттармен тең дәрежеде тілдесу, алмасу мүмкіндігін береді. Жаңа мүмкіндіктер барша студенттерге, магистранттарға бар жаһандық кезеңде жастардың санасы мен дүниетанымы ең алдымен рухани құндылықтар мен тәрбиелік жауапкершіліктен бастау алады. Студенттерді, магистранттарды сыртқы елдердің ЖОО академиялық ұтқырлықпен оқуға, білім, ғылым алмасуға мүмкіндіктері өте көп.

Кілт сөздер: Білім, ғылыми байланыс, біліктілік, инновациялық тәсілдер, ұлттық құндылықтар.

Кіріспе

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекістан Президенті Шавкат Мирзиеевтің шақыруымен Ташкентке мемлекеттік іссапармен келгені баршыңызға аян. Қазақстан мен Өзбекістан екіжақты қарым-қатынастарды белсенді дамытып, сонымен қатар ТМД, ШЫҰ, ТДҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың мүшелері ретінде жауапкершілігін терең сезінеді. Орталық Азия елдері экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге, «Made in Central Asia» бірыңғай аймақтық брендін іске қосуға келіскені туралы белгілі болды. Мақалада конференцияға байланысты кішкене тоқталып өтсем: Қазіргі әлемде тамақ өнімдерін өндіру процесінде пайда болатын жанама өнімдерді қайта өңдеу проблемасы өзекті күйінде қалып отыр. Субөнімдердің шығымы орташа алғанда ірі қара малдың тірі салмағының 22%-ын, шошқаның 17%-ын және қой мен ешкінің 20%-ын құрайды. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы жануарларынан алынатын қосымша өнімдерді қайта өңдеу ет өңдеу өнеркәсібін тұрақты дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қайта өңдеудің қазіргі заманғы әдістері экологиялық жүктемені азайтуға, экономикалық тиімділікті арттыруға және өндірілетін өнімнің ассортиментін кеңейтуге бағытталған. Инновациялық тәсілдер қосылған құны жоғары өнімдерді алуға мүмкіндік беретін өңдеудің биотехнологиялық, ферментативтік және физика-химиялық әдістерін қамтиды. Неғұрлым перспективалы бағыттардың бірі ет өнімдерін өңдеу үшін микроорганизмдер консорциумдарын пайдалану болып табылады. Мысалы, шұжық өнімдерін өндіруде осы

консорциумдарды пайдалану коллагенді материалдарды ферментациялауға ықпал етеді, олардың биологиялық құндылығын арттырады және өндірістің өзіндік құнын төмендетеді. Жануарлардан алынатын қосымша өнімдерді қайта өңдеу әдістері ет өңдеу өнеркәсібінің экономикалық және экологиялық тұрақтылығын арттыру үшін едәуір әлеуетті көрсетеді. Инновациялық технологияларды өндірістік процестерге ықпалдастыру ресурстарды барынша тиімді пайдалануға және қосылған құны жоғары өнімдерді жасауға мүмкіндік береді. Айқын артықшылықтарға қарамастан, көпшілік өндірісте субөнімдерді пайдалану тұтынушылардың мәдени және дәмдік артықшылықтарымен шектеледі. Осы кедергілерді еңсеру үшін субөнімдердің пайдасы және олардың дұрыс тамақтанудағы рөлі туралы ғылыми негізделген деректерді белсенді ілгерілету талап етіледі. Балаларды, егде адамдарды және созылмалы аурулары бар адамдарды қоса алғанда, халықтың ерекше топтарына бағдарланған өнімдерді әзірлеу маңызды бағыт болып табылады. Қосымша өнімдер олардың бірегей химиялық құрамы мен биологиялық құндылығының арқасында тамақ өнеркәсібінде пайдалану үшін жоғары әлеуетке ие. Қайта өңдеу технологияларын дамыту және олардың артықшылықтарын танымал ету бұл көзді жаһандық азық-түлік жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналдыра алады. Әлемдік халықтың өсуі және ресурстарға түсетін жүктеменің артуы жағдайында қосымша өнімдерді ұтымды пайдалану азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы қажетті қадамға айналады.

Біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеттер арасындағы академиялық және ғылыми байланыстарды нығайту әрі дамыту мақсатында, сондай-ақ жасалған қосымша ынтымақтастық келісімі негізінде институт студенттері үшін дәрістер курсын өткізуге Нукус қаласы Өзбекстан Республикасына іссапарларымыз жоғары деңгейде жемісті, табысты болды. Міне, өздеріңізге белгілі ОПҚ біліктілік, жазғы-қысқы мектеп, дөңгелек столдар т.б., жақын шетел Нукусте Қарақалпақстанның ауыл шаруашылығы және агротехнология институт ректораты, басшылары, студент, магистрант, докторанттары мен керемет кездесулер өтіп жатыр. Екі ел Президенттері, екі университет ректорлары арқасында келісімшарт негізінде білім беру бағдарлама, ғылыми зерттеу бағытында, академиялық ұтқырлық, оқу алмасу ынтымақтастық аясында және кәсіби бағдар мақсатында т.б. Қарақалпақстан ауыл шаруашылығы және агротехнология институт ұжымы мен түрлі форматта актив залда, секциялы аудитория мен зертханаларда лекция, дәріс, мастер-класс бірлесіп өткізіп студенттерге, өз кезегінде сұрақ-жауап алып жақсы әсерлі дискуссия болды. Біз ұлттық қазақи құндылықтарымыз бен тарихымызды дәріптей отырып мен ветеринария бағытында, әріптесім биология, ихтиология балық бағытында әрбір студенттер, магистранттар, докторанттармен, сол елдің оқу орда оқытушы-профессорлар құрамымен заманауи оқыту технологиялы академиялық білімдерімізді алмасып қайттық. Шетел әріптестеріміз өте жоғары деңгейде мәдениетті, қонақжайлы екендерін білдіре отырып Нукус қаласының түрлі көрікті жерлерін таныстырды.



1-сурет. М.Әуезов ат.ОҚЗУ оқытушы-профессорлар құрамы білім, ғылым алмасу іссапар барысы.

Қорытынды

Бүгінгі күні тәуелсіз еліміздің көркейген шағында үнемі көп ұлтты халқымыздың игілігін арттырып, еліміздің тұрақты даму жолындағы ұлы мақсат пен армандардың орындалуына серпінді ғылыми жобалар жасалуда. Қазіргі таңда студенттерге, жас жанұялық отбасыларға ұлттық өнегелі құндылықтарымызды жаңғырту, мәдениетімізді таныту, рухани-адамгершілікті нығайту, тарихи сананы қалыптастыру, тәуелсіз елімізді өркендетуде өскелең ұрпақты өз елін құрметтеуде, өзге елге танытуда барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Қарақалпақ елі халық қалаулылары мен құрметті зиялы азаматтардың іс-әрекеті, көпшіліктің пікірімен үндесіп, үлгі тұтарлықтай жетістіктерімен игі іс жасайтындарына, қоғамның дамуына, болашақ ұрпақ үшін тарихымыздың гүлденуіне елеулі үлес қосуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ғалымжан Елшібай Президент мемлекеттік сапармен Өзбекістанға барды. EGEMEN QAZAQSTAN жалпыұлттық республикалық газет 15.11.2025жыл, №221 (31201).
2. Тұтқышбай И.А. Академиялық ұтқырлық. Жоғары оқу орындары арасында тәжірибе алмасу. Мақала. Университет газеті. №58(223).6-7бет.28.10.2024ж.https://auezov.edu.kz/media/attachments/2024/11/03/2024.pdf – универ газет мақала сылкасы.
3. Копжасарова Л., Тұтқышбай И.А. Содружество. Как ЮКИУ дружит с Вузами Узбекистана. Панорама Шымкент. Общест.полит.газета. Маусым.2025г.№25.(2275) с.8,9.